ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

19.10.2016ж. № 554

Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІ
20 16 ж. « 07 » 11
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 14399 болып тіркелді

**Жеке және заңды тұлғалар және (немесе) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті алғаны және жұмсағаны туралы мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдарына ұсыну қағидаларын, мерзімдерін және нысанын бекіту туралы**

2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 14-бабы 1-1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Жеке және заңды тұлғалар және (немесе) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті алғаны және жұмсағаны туралы мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдарына ұсыну қағидалары мен мерзімдері;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Жеке және заңды тұлғалар және (немесе) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті алғаны және жұмсағаны туралы мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдарына ұсыну нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е Ерғожин) заңнамада белгіленген тәртіппен:

002055

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы**
**Қаржы министрі** **Б. Сұлтанов**

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2016 жылғы «19» қазандағы
№554 бұйрығына 1-қосымша

**Жеке және заңды тұлғалар және (немесе) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті алғаны және жұмсағаны туралы мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдарына ұсыну қағидалары мен мерзімдері**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы жеке және заңды тұлғалар және (немесе) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті алғаны және жұмсағаны туралы мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдарына ұсыну қағидалары мен мерзімдері (бұдан әрі – Қағидалар) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 14-бабы 1-1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және жеке және заңды тұлғалар және (немесе) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті алғаны және жұмсағаны туралы мәліметтерді (бұдан әрі – Мәлімет) мемлекеттік кірістер органдарына ұсыну тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жеке тұлға – Қазақстан Республикасының азаматы, басқа мемлекеттердің азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар;

2) заңды тұлға – Қазақстан Республикасының немесе өзге де мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған ұйым;

3) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері – филиал, өкілдік.

Осы Қағидалардың ережелері заңды тұлға - Қазақстан Республикасы резидентімен өз шешімімен өзінің құрылымдық бөлімшесін шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан ақша және (немесе) өзге де мүлік алғаны туралы

мемлекеттік кірістер органдарын хабарлау құқығымен бөлінген жағдайларды ескермегенде, заңды тұлға - Қазақстан Республикасы резидентінің құрылымдық бөлімшесіне таратылмайды;

4) субъект – шет мемлекет, халықаралық және шетелдік ұйым, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар;

5) мәміле – азаматтық құқықтар мен міндеттерді анықтауға, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған азаматтар мен заңды тұлғалардың әрекеті.

## 2-тарау. Мәліметтерді өткізу тәртібі мен мерзімдері

3. Жеке және заңды тұғалардың және (немесе) заңды тұлғалардың құрымдылық бөлімшелері (бұдан әрі - тұлғалар) орналасқан немесе тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер органына шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті алғаны және жұмсағаны туралы, 1 теңгеден асатын сомаға олармен жасалған мәмілелер жөнінде, мынадай түрлерге бөлінеді:

заңдық көмек көрсету, оның ішінде құқықтық ақпарат беру, азаматтардың және ұйымдардың құқығын қорғау және өкілі болу, және де оларға консультативтік мағлұмат беру;

қоғамдық, социологиялық ойлар бойынша сұхбат алу және зерттеу (коммерциялық мақсатта жүргізілген қоғамдық, социологиялық ойлар бойынша сұхбат алу және зерттеулерден басқа), және де олардың қорытындысын тарату және жария ету;

мағлұматтарды жинау, талдау және тарату, көрсетілген қызмет коммерциялық бағытта жүргізілгенінен басқа.

4. Мәліметтер бекітілген бұйрыққа сәйкес тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірмей табыс етіледі. Толтыруға жататын мәліметтер болмаған жағдайда нысан нөлдік көрсеткішпен табыс етіледі.

5. Шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті алғаны және жұмсағаны туралы мәліметтерді табыс етілетін кезең күнтізбелік тоқсан болып табылады.

6. Кешенді немесе тақырыптық тексеру кезінде (тексеру мерзімін ұзартылған және тоқтатылғанды қоса), тексеру жүргізіліп жатқан алдыңғы мерзімге табыс етілген мәліметтерге өзгертулер мен толықтырулар енгізуге тыйым салынады.

7. Шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті толығымен жаратылса мәліметтерді беру тоқтатылады.

8. Шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алынған ақшаны және (немесе)

өзге де мүлікті салықтық кезеңінің бірінде қайтарған жағдайда, алынған ақшалар көрсетілген бағанаға көрсетіліп, басқа бағаналар қайталанып жазылады, «минус» белгісі бар және сомалық бағаналардан басқа.

9. Мәліметтерге өзгертулер енгізілген жағдайда «Қосымша» түрі белгіленіп алдыңғы мәліметтер көрсетілген бағаналар толтырылып жіберледі, «минус» белгісі бар және сомалық бағаналардан басқа. Дұрыс толтырылған мәліметтер жаңа бағаналарға, жаңа дәрежесімен толтырылады.

10. Мәліметтерге толықтырулар енгізілген жағдайда «Қосымша» түрі белгіленіп жаңа бағаналарға, жаңа дәрежесі толтырылып, бірақ реттік саны кезекті (қосымша) тапсырған мәліметтерден кейін толтырылады.

11. Тұлғалар мәліметтерді өз еріктері бойынша:

жеке келіп немесе қағаз тасығышта береді;

электрондық түрдегі мәліметтер Салық кодексінің 572-бабына сәйкес электрондық салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне тұрған, салық есептілігін қабылдау және өңдеу жүйесінің орталық торабы жүзеге асырады.

12. Қағаз тасығыштағы мәліметтер:

екі данада жасалады, тұлғалар қол қояды, мөрмен куәландырылады (боған жағдайда);

бір данасы мемлекеттік кірістер органының кіріс нөмірі қойылған мөрімен тұлғаға қайтарылады;

Мемлекеттік кірістер органымен тіркеліп, салық есептіліктерін қабылдау және өңдеу жүйесінде енгізу жүзеге асырылады.

Қағаз тасығыштағы мәліметтердің табысталған күні болып Мемлекеттік кірістер органдары қағаз тасығыштағы мәліметтерді қабылдаған күні болып табылады.

13. Электронды түрдегі мәліметтерді салық есептілігін қабылдау және өңдеу жүйесі немесе мәліметтерді компьютерлік өңдеуге жататын электронды тасығыш арқылы тапсырылады. Бұл ретте, электрондық түрдегі мәліметтер салық есептілігін қабылдау және өңдеу жүйесі арқылы тапсырылғанда, тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

14. Тұлға, электронды түрде табысталған мәліметтерді, Мемлекеттік кірістер органымен осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес тіркеу нөмірін беру арқылы салық есептілігін қабылдау және өңдеу жүйесінің орталық қорабымен қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы растауды электронды түрде алады.

Электрондық түрдегі мәліметтердің табысталған күні болып салық есептілігін қабылдау және өңдеу жүйесінің орталық қорабымен қабылданған күні болып табылады.

15. Егер мыналар:

1) мемлекеттік кірістер органының коды көрсетілмесе;

2) «БСН (ЖСН)» (бизнес сәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі) көрсетілмесе немесе дұрыс жазылмаса;

3) ақша және (немесе) басқа да мүлікті берген субъектінің аты көрсетілмесе немесе дұрыс жазылмаса;

4) қағаз тасығышта жасалған мәліметтерге жеке не заңды тұлғалардың не (немесе) заңды тұлғалардың құрымдық бөлімшелерінің басшылары қол қоймаған, мөрмен куәландырмаған жағдайда (бар болғанда) мәліметтер мемлекеттік кірістер органдарына тапсырылмаған болып табылады.

## 3-тарау. Мәліметтерді жазу

16. «БСН (ЖСН)» деген жолда ақша және (немесе) басқа да мүлікті шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алған жеке тұлғалардың жеке сәйкестендіру нөмірі және (немесе) заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелерінің бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

«Салықтық кезеңі» қатарында ақша және (немесе) басқа да мүліктерді шет елдік елдерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан , шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алынған есепті кезеңі (тоқсан, жыл) көрсетіледі (араб цифрларымен көрсетіледі);

«жеке тұлғалардың Т.А.Ә. және (немесе) заңды тұлғалардың және заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелерінің атауы» деген жолда ақша және (немесе) басқа да мүлікті шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алған жеке тұлғалардың аты-жөні және (немесе) заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелерінің атаулары көрсетіледі;

«Мәліметтер түрі» деген жолда мәліметтерді негізгі және қосалқы түріне жатқызу үшін тиесілі бағана көрсетіледі;

«Нақты алынған ақша және (немесе) басқа да мүліктер» деген жолда «В» және «F» бағандарының жалпы сомасы, жеке тұлғалардың және (немесе) заңды тұлғалардың және заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелерінің шет елдік елдерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алған алынған нақты алынған ақша және (немесе) басқа да мүліктерінің реестрі ұлттық валютада мәміле жасалған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі орнатқан бағам бойынша көрсетіледі;

«Жұмсалған ақша сомасы және (немесе) өткізілген басқа мүліктер құны» қатарында «F» және «К» бағандарының жалпы сомасы, жеке және заңды тұлғалардың және (немесе) заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелерінің шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алған ақша және (немесе) басқа да мүліктің жұмсалған ақша сомасы және (немесе) өткізілген басқа мүліктер құны тізбесі ұлттық валютада мәміле жасалған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі орнатқан бағам бойынша көрсетіледі;

«Жеке тұлғалардың Т.А.Ә./заңды тұлғалардың және заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелері басшысының Т.А.Ә.» қатарында

жеке тұлғалардың тегі, аты, жөні (төл құжатында көрсетілген болса), заңды тұлғалардың және заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелерінің басшысының тегі, аты, жөні көрсетіледі. Жеке тұлғалардың, заңды тұлғалардың және заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелері басшысының қолы қойылады және мәліметті берген күні көрсетіледі.

«Мемлекеттік кірістер органының коды» деген жолда тіркелген тұрғылықты жеріндегі Мемлекеттік кіріс органының коды қойылады;

«Мәліметтерді қабылдаған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә.» деген жолда мәліметтерді қабылдаған мемлекеттік кіріс органы қызметкерінің тегі, аты, жөні қойылады және мәліметтерді алған күні көрсетіледі;

17. Мемлекеттік кірістер органдарына табыс етілетін жеке және заңды тұлғалар және (немесе) заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелері шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алған ақша және (немесе) басқа да мүліктері туралы мәліметтерді көрсету туралы Тізілім толтырылады, онда көрсетілетіні:

«БСН (ЖСН)» қатарында ақша және (немесе) басқа да мүліктерді шет елдік елдерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алған жеке тұлғалардың жеке сәйкестендіру нөмірі және (немесе) заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелерінің бизнес сәйкестендіру нөмірлері көрсетіледі;

«Мәліметтер көрсетілетін салықтық кезең» қатарында ақша және (немесе) басқа да мүліктерді шет елдік елдерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алынған есепті кезеңі (тоқсан, жыл) көрсетіледі (араб цифрларымен көрсетіледі);

А бағанында - қатарларының реттік нөмірі;

В бағанында - ұлттық валютада мәліме жасалған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі орнатқан бағам бойынша нақты алынған ақша сомасы көрсетіледі;

В бағанының жалпылама сомасы «Барлығы» катарында көрсетіледі және бағанада көрсетілген барлық сомалардың қосындысымен көрсетіледі;

С бағанында - алынған мүліктердің атаулары - нақты алынған жылжымайтын/жылжымалы мүліктердің және басқа да мүліктердің мәліметтері;

Д бағанында - нақты алынған мүліктер идетификациялық нөмірлері (бар болған жағдайда) көрсетіледі;

Е бағанында - алынған мүліктің саны көрсетіледі;

F бағанында - нақты алынған мүліктің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі орнатқан бағам бойынша құны көрсетіледі;

F бағанының жалпылама сомасы «Барлығы» катарында көрсетіледі және бағанада көрсетілген барлық сомалардың қосындысымен көрсетіледі;

G бағанында - нақты алынған ақша және (немесе) басқа да мүліктерді алған күн көрсетіледі;

Н бағанында - қызмет түрі:

А - заңдық көмек көрсету, оның ішінде құқықтық ақпарат беру, азаматтардың және ұйымдардың құқығын қорғау және өкілі болу, және де оларға консультативтік мағлұмат беру;

В – қоғамдық, социологиялық ойлар бойынша сұхбат алу және зерттеу (коммерциялық мақсатта жүргізілген қоғамдық, социологиялық ойлар бойынша сұхбат алу және зерттеулерден басқа), және де олардың қорытындысын тарату және жария ету;

С- мағлұматтарды жинау, талдау және тарату, көрсетілген қызмет коммерциялық бағытта жүргізілгенінен басқа;

1 бағанада – алынған ақшаның және (немесе) басқа да мүліктердің шығу тегінің коды:

1 – шет елдік мемлекет;

2 – халықаралық және шет елдік ұйымдар;

3 – шет елдіктер;

4 – азаматтығы жоқ тұлғалар.

J бағанында – ақша және (немесе) басқа да мүліктерді берген резиденттік елдердегі субьектілердің атаулары.

Осы бағанадағы субьект - шет елдік мемлекеттер, халықаралық және шет елдік ұйымдар, шет елдіктер, азаматтығы жоқ тұлғалар;

К бағанында – ақша және (немесе) басқа да мүліктерді берген субьектінің мемлекетінің атауы;

L бағанында – ақша және (немесе) басқа да мүліктерді берген субьектінің резиденттік елдегі тіркеу нөмірлері. Азаматтығы жоқ тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжат нөмірлері;

М бағанада – мәміле жасалған құжат күні (құжат болған жағдайда);

N бағанада - мәміле жасалған құжат нөмірі (құжат болған жағдайда);

О бағанада - төлем түрі (нақты ақша алғанда - 1, нақты ақша болмаса - 2);

Р бағанада – банк атауы.

18. Жеке және заңды тұлғалар және (немесе) заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелерімен шет мемлекеттерден, халықаралық және шет елдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ тұлғалардан алынған ақша және (немесе) мүліктердің жаратылуы туралы Тізілім жасалады, онда көрсетіледі;

«БСН (ЖСН)» қатарында ақша және (немесе) басқа да мүліктерді шет елдік елдерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан , шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алған жеке тұлғалардың жеке сәйкестендіру нөмірі және (немесе) заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелерінің бизнес сәйкестіндіру нөмірлері көрсетіледі;

«Мәліметтер көрсетілетін Салықтық кезең» қатарында ақша және (немесе) басқа да мүліктерді шет елдік елдерден, халықаралық және шетелдік

ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алынған есепті кезеңі (тоқсан, жыл) көрсетіледі (араб цифрларымен көрсетіледі);

А бағанында- қатарларының реттік нөмірі;

В бағанында - «БСН (ЖСН)» қатарында ақша және (немесе) басқа да мүліктерді шет елдік елдерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алған жеке тұлғалардың жеке сәйкестендіру нөмірі және (немесе) заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелерінің бизнес сәйкестіндіру нөмірлері көрсетіледі;

С бағанында - жеке тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) немесе за ңды тұлғаның (немесе) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің атауы қатарында ақша және (немесе) басқа да мүлікті шет елдерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алған жеке тұлғалардың аты-жөні және (немесе) заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелерінің атаулары көрсетіледі;

D бағанында – ақшаны жұмсау немесе мүлікті сату күні;

Е бағанында – ақшаны жұмсау немесе мүлікті сату құжатының нөмірі;

F бағанында - мәліметті берген күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша ұлттық валютадағы ақшаны жұмсау сомасы;

F бағанының жиынтық шамасы «Жиыны» деген жолда көрсетіледі және осы бағанада көрсетілген барлық парақтардағы сомаларды қосу жолымен айқындалады;

G бағанында - төлем түрі (ақшаны қолма-қол алған жағдайда - 1, қолма-қол ақша болмағанда-2);

Н бағанында – сатылған мүліктің атауы, мұнда іс жүзінде алынған жылжымалы/жылжымайтын мүлік және (немесе) өзге де мүлік туралы мәліметтер көрсетіледі;

I бағанында - сәйкестендіру нөмірі (бар болған жағдайда);

J бағанында - сатылған мүліктің саны;

К бағанында – сатылған мүліктің мәліметті берген күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша ұлттық валютадағы құны.

К бағанының жиынтық шамасы «Жиыны» деген жолда көрсетіледі және осы бағанада көрсетілген барлық парақтардағы сомаларды қосу жолымен айқындалады.

Жеке және заңды тұлғалар және (немесе) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті алғаны және жұмсағаны туралы мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдарына ұсыну қағидалары мен мерзімдеріне қосымша

Нысан

**Мемлекеттік кірістер органдары мәліметтерді қабылданғаны немесе қабылдамауы туралы растау**

Жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН)
______________________________________________

Салық төлеушінің атауы/ тегі, аты, әкесінің аты (егер ол тұлғаны куәландыратын құжатта көрсетілген болса)
______________________________________________

Мәлімет үлгісінің коды нұсқа ____________ ____________
Мәлімет үлгісінің түрі______________________________
Мәлімет үлгісінің атауы____________________________
Салық кезеңі ______________________________
Қабылдау тәсілі ______________________________
Алушы - мемлекеттік кірістер органының коды ____________________
Мәлімет құжатының кіріс (тіркеу) нөмірі: ____________

| Мәліметтерді өңдеу | Жүйе | Мәртебесі | Мерзімі/ уақыты |
|---|---|---|---|
| | | | |

Мәліметтерді қабылдау кезіндегі қателіктер:

Қолданбалы сервердің қолтаңбасы

Нысан **018.00** Бет **01**

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2016 жылғы «   »
№        бұйрығына
2-қосымша

# ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІ ШЕТ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕН, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ҰЙЫМДАРДАН, ШЕТЕЛДІКТЕРДЕН, АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚ АДАМДАРДАН АЛЫНҒАН АҚШАНЫ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ӨЗГЕ ДЕ МҮЛІКТІ АЛҒАНЫ ЖӘНЕ ЖҰМСАҒАНЫ ТУРАЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ОРГАНДАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН МӘЛІМЕТТЕР

Осы нысанды жасау Қағидаларын оқыңыз.
НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен баспаханалық БАС ӘРІПТЕРМЕН толтырыңыз

## Бөлім. Жеке тұлға, заңды тұлға (құрылымдық бөлімше) туралы жалпы ақпарат

1 ЖСН (БСН) ☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐

2 Т.А.Ә. жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның және (немесе) құрылымдық бөлімшесінің атауы

3 Мәліметтер ұсынылатын салық кезеңі: тоқсан ☐ жыл ☐☐☐☐

4 Мәліметтер түрі (тиісті торкөзде X көрсетіңіз): негізгі ☐ қосымша ☐

## Бөлім. Ақша және (немесе) мүлікті алу және жұмсау туралы

| Жолдың коды | Атауы | трлн. млрд. млн. мың |
|---|---|---|
| 018.00.001 | Нақты алынған ақша сомасы және (немесе) мүлік құны, теңге (018.01 нысанын В және F бағандарының қорытынды жолдарының сомасы) | |
| 018.00.002 | Жұмсалған ақша сомасы және (немесе) мүліктің құны, теңге (018.02 нысанын F және К бағандарының қорытынды жолдарының сомасы) | |

## Бөлім. Жеке тұлғаның, заңды тұлғаның (құрылымдық бөлімшенің) жауапкершілігі

Мен берілген мәліметтердің шынайылығын және толықтығын растаймын және Қазақстан Республикасы заңнамаларна сәйкес жауапкершілік аламын

Шектеу сызығынан шықпаңыз

Жеке тұлғаның (заңды тұлғаның (құрылымдық бөлімшенің) басшысының Т.А.Ә.  /  Қолы  /

М.О.

Мәліметтерді беру күні ☐☐☐☐☐☐☐☐ Күні, айы, жылы сандармен

Мемлекеттік кірістер органының коды ☐☐☐☐

Шектеу сызығынан шықпаңыз

Мәліметтерді қабылдаған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә.  /  Қолы  /

М.О.

Мәліметтердің кіріс нөмірі ☐☐☐☐☐☐

Мәліметтерді қабылдау күні ☐☐☐☐☐☐☐☐ Күні, айы, жылы сандармен

Нысан **018.01** Бет **01**

**Жеке және заңды тұлғалар және (немесе) заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелері шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан ақша және (немесе) басқа да мүліктер алғаны туралы**

# ТІЗІЛІМ

(Мәліметтерге 1-қосымша)

Ағымдағы парақтың нөмірін көрсетіңіз

Осы нысанды жасау Қағидаларын оқыңыз

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен баспаханалық БАС ӘРІПТЕРМЕН толтырыңыз

## Бөлім. Жеке тұлға, заңды тұлға (құрылымдық бөлімше) туралы жалпы ақпарат.

1 ЖСН (БСН)

2 Мәліметтер ұсынылатын салық кезеңі: тоқсан жыл

** Қызмет түрі*

А - заң көмегін көрсету, соның ішінде құқықтық ақпараттандыру, азаматтардың және ұйымдардың мүддесін қорғау және өкілдік ету, және де кеңестер беру

В-қоғамдық пікір сауалдарын, социологиялық сауалдарды (коммерциялық мақсатта жүргізілетін қоғамдық пікір және социологиялық сауалдарды қоспағанда) жүргізу және талдау, сонымен қатар олардың нәтижесін тарату және орналастыру

С- берілген қызмет коммерциялық мақсатта жүргізілетін жағдайды қоспағанда, ақпаратты жинау, талдау және тарату

*** Көздің коды*

1 - шетел мемлекеті

2 - халықаралық және шетелдік ұйым

3 - шетелдік

4 - азаматтығы жоқ тұлға

**** Төлем түрі*

1 - қолма-қол ақшамен

2 - қолма-қол ақшасыз

## Бөлім. Мәмілені туралы ақпараттар

| A № | B Нақты алынған ақша сомасы, теңге (млрд / млн / тыс) | C Нақты алынған мүлік атауы | D Нақты алынған мүліктің сәйкестендіру нөмірі (бар болса) | E Нақты алынған мүліктің саны (тыс) |
|---|---|---|---|---|
| 0001 | | ҚОРЫТЫНДЫ (жол ТЕК берілген нысан жолдарының қорытындысы бойынша толтырылады) | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

Нысан **018.01** Бет **02**

**Жеке және заңды тұлғалар және (немесе) заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелері шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан ақша және (немесе) басқа да мүліктер алғаны туралы ТІЗІЛІМ**
(Мәліметтерге 1-қосымша)

Ағымдағы парақтың нөмірін көрсетіңіз

Осы нысанды жасау Қағидаларын оқыңыз
НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен баспаханалық БАС ӘРІПТЕРМЕН толтырыңыз

## Бөлім. Жеке тұлға, заңды тұлға (құрылымдық бөлімше) туралы жалпы ақпарат.

1 ЖСН (БСН)

2 Мәліметтер ұсынылатын салық кезеңі: тоқсан жыл

** Қызмет түрі*
А - заң көмегін көрсету, соның ішінде құқықтық ақпараттандыру, азаматтардың және ұйымдардың мүддесін қорғау және өкілдік ету, және де кеңестер беру
В - қоғамдық пікір сауалдарын, социологиялық сауалдарды (коммерциялық
сонымен қатар олардың нәтижесін тарату және орналастыру
С - берілген қызмет коммерциялық мақсатта жүргізілетін жағдайды қоспағанда, ақпаратты жинау, талдау және тарату

*** Көздің коды*
1 - шетел мемлекеті
2 - халықаралық және шетелдік ұйым
3 - шетелдік
4 - азаматтығы жоқ тұлға

**** Төлем түрі*
1 - қолма-қол ақшамен
2 - қолма-қол ақшасыз

## Бөлім. Мәмілені туралы ақпараттар

| A № | F Нақты алынған мүліктің құны, теңге (млрд / млн / тыс) | G Ақша немесе мүлікті алған нақты күн (Күні, айы, жылы сандармен) | H Қызмет түрі* | I Көздің коды** | J Ақша және (немесе) мүлікті беруші резиденттік елдегі субъектінің атауы |
|---|---|---|---|---|---|
| 0001 | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

Нысан **018.01** Бет **03**

# Жеке және заңды тұлғалар және (немесе) заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімелері шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден,азаматтығы жоқ адамдардан ақша және (немесе) басқа да мүліктер алғаны туралы ТІЗІЛІМ

(Мәліметтерге 1-қосымша)

Ағымдағы парақтың нөмірін көрсетіңіз

Осы нысанды жасау Қағидаларын оқыңыз

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен баспаханалық БАС ӘРІПТЕРМЕН толтырыңыз

## Бөлім. Жеке тұлға, заңды тұлға (құрылымдық бөлімше) туралы жалпы ақпарат.

1 ЖСН (БСН)

2 Мәліметтер ұсынылатын салық кезеңі: тоқсан жыл

** Қызмет түрі*

А - заң көмегін көрсету, соның ішінде құқықтық ақпараттандыру, азаматтардың және ұйымдардың мүддесін қорғау және өкілдік ету, және де кеңестер беру

В - қоғамдық пікір сауалдарын, социологиялық сауалдарды (коммерциялық мақсатта жүргізілетін қоғамдық пікір және социологиялық сауалдарды қоспағанда) жүргізу және талдау, сонымен қатар олардың нәтижесін тарату және орналастыру

С - берілген қызмет коммерциялық мақсатта жүргізілетін жағдайды қоспағанда, ақпаратты жинау, талдау және тарату

*** Көздің коды*

1 - шетел мемлекеті

2 - халықаралық және шетелдік ұйым

3 - шетелдік

4 - азаматтығы жоқ тұлға

**** Төлем түрі*

1 - қолма-қол ақшамен

2 - қолма-қол ақшасыз

## Бөлім. Мәмілені туралы ақпараттар

| A № | K Ақша және (немесе) мүлікті беруші субъекті елінің атауы | L Ақша және (немесе) мүлікті беруші субъектінің тіркелу нөмірі жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың нөмірі | M Мәмілені жасау туралы құжаттың күні | N Мәмілені жасау туралы құжаттың нөмірі | O Төлем түрі*** | P Банктің атауы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 0001 | | | Күні, айы, жылы сандармен | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

Нысан **018.02** Бет **01**

**Жеке және заңды тұлғалар және (немесе) заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелерімен шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден,азаматтығы жоқ тұлғалардан алынған ақша және (немесе) мүліктердің жаратылуы туралы ТІЗІЛІМ**

(Мәліметтерге 2-қосымша)

Ағымдағы парақтың нөмірін көрсетіңіз

Осы нысанды жасау Қағидаларын оқыңыз

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен баспаханалық БАС ӘРІПТЕРМЕН толтырыңыз

## Бөлім. Жеке тұлға, заңды тұлға (құрылымдық бөлімше) туралы жалпы ақпарат.

1 ЖСН (БСН)

2 Мәліметтер ұсынылатын салық кезеңі: тоқсан жыл

*** *Төлем түрі*

1 - қолма-қол ақшамен

2 - қолма-қол ақшасыз

## Бөлім. Мәмілені туралы ақпараттар

| A № | B Ақша және (немесе) мүлікті алған тұлғаның ЖСН (БСН) | C Ақша және (немесе) мүлікті алған тұлғаның Ә.А.Т. немесе атауы | D Ақшаны жұмсау немесе мүлікті сату күні | E Ақшаны жұмсау немесе мүлікті сату құжатының нөмірі | F Жұмсалған ақша сомасы, теңге (млрд. млн. мың) | G Төлем түрі*** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 0001 | | | | | | |
| | | Қорытынды (жол ТЕК берілген нысан жолдарының қорытындысы бойынша толтырылады) | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

Нысан **018.02** Бет **02**

Ағымдағы парақтың нөмірін көрсетіңіз

# Жеке және заңды тұлғалар және (немесе) заңды тұлғалардың құрылымдық бөлішелерімен шет мемлекеттерден , халықаралық, және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ тұлғалардан алынған ақша және (немесе) мүліктердің жаратылуы туралы ТІЗІЛІМ

(Мәліметтерге 2-қосымша)

Осы нысанды жасау Қағидаларын оқыңыз

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен баспаханалық БАС ӘРІПТЕРМЕН толтырыңыз

## Бөлім. Жеке тұлға, заңды тұлға (құрылымдық бөлімше) туралы жалпы акпарат.

1 ЖСН (БСН)

2 Мәліметтер ұсынылатын салық кезеңі: тоқсан жыл

*** *Төлем түрі*

1 - қолма-қол ақшамен 2 - қолма-қол ақшасыз

## Бөлім. Мәмілені туралы акпараттар

| A № | H Сатылған мүліктің атауы | I Сәйкестендіру нөмірі (бар болса) | J Сатылған мүліктің саны (мың) | K Сатылған мүліктің құны, теңге (млрд. млн. мың) |
|---|---|---|---|---|
| 0001 | | | | |

Қорытынды (жол ТЕК берілген нысан жолдарының қорытындысы бойынша толтырылады)